

Күршім ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге санатын белгілеу және салынатын жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 22/10-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 18 мамырда № 5-14-163 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 509 - бабының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занының 6 - бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Автотұрақтар (паркингтер) санаты 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жаңындағы құрылыштар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне арналған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салуға жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге автотұрақтардың санатына қарай базалық мөлшерлемелердің мөлшері 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.
3. Күршім ауданына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Күршім ауылы айқындалсын.
4. Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-8 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін белінген жерлерге санатын белгілеу және салынатын жер салығының базалық ставкасын ұлғайту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3348 номірімен болып тіркелген, 2014 жылғы 11 маусымдағы "Рауан-Заря" аудандық газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.
5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Күршім аудандық мәслихаттың хатшысы

Л. Құмарова

М. Саганақов

Күршім аудандық мәслихаттың

2018 жылғы 25 сәуірдегі

№ 22/10-VI шешіміне

1 қосымша

Күршім ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердін) түріне қарай автотұрақтардың (паркингтердін) санаттары

P/c №	Автотұрақтардың (паркингтердін) түрлері	Санаты
1	2	3
1	Жер үстіндегі жабық түрлі автотұрақтар, ашық түрлі автотұрақтар	1 санат
2	Басқа маңыздағы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа маңыздағы ғимараттың ішінде салынған автотұрақтар	2 санат
3	Ғимараттардың жер астындағы, үй астындағы, жер үстіндегі төменгі немесе цокольдық кабаттарында орналасқан автотұрақтар	3 санат

Күршім аудандық мәслихаттың

2018 жылғы 25 сәуірдегі

№ 22/10-VI шешіміне

2 қосымша

Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге салынатын салық мөлшерлемелерін автотұрақтардың (паркингтердін) санаттарына қарай көбейту туралы

P/c №	Автотұрақтардың (паркингтердін) санаттары	Салық мөлшерлемелерін көбейту мөлшері
1	2	3
1	1 санат	10 есе
2	2 санат	9 есе
3	3 санат	8 есе